

**Қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2010 жылғы 13 шілдедегі № 30-9 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 шілдеде № 7-1-189 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 қарашадағы № 30-5 шешімімен

**Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 25.11.2014 № 30-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43 бабына сәйкес Орал қалалық мәслихаты

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орал қалалық мәслихатының 2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-183 тіркелген, 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Жайық үні" газетінде № 17 және 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Пульс города" газетінде № 17 жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Қағиданың:  
1 3 т а р м а қ т а :

"өтемақы шараларымен" деген сөздерден кейін "коммуналдық қызметтерді тұтынуға және телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және соларға теңестірілген адамдар" деген сөздер алып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын жай алаңының нормалары кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (

немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы тұрғын жайдың бір бірлігінің нақты аумағына, бірақ 50 шаршы метрден аспайтын болып белгіленеді.";

1 4 т а р м а қ т а :

"және шығыстар" сөздер алып тасталсын;

"жарты жылдық алдындағы" сөздерінен кейін "шығыстар өткен тоқсанға немесе қызметтер толық көлемде көрсетілген соңғы тоқсанға есептелсін" деген сөздермен толықтырылсын;

17 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Тұрғын үй көмегін алушылар тұрғын үй көмегін тағайындауға қатысы бар қандай да болмасын өзгерістер жөнінде 10 күн мерзім ішінде (отбасы құрамы, бюджеті, жылжымайтын мүлік алуы және тағы басқа), сондай-ақ көмекті қате есептеу жайттары жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті. Уәкілетті органға қасақана қате мәліметтер бергендігі салдарынан заңсыз немесе көтермеленген өтемақы тағайындалса, меншік иесіне (жалдаушыға) тұрғын үй көмегі бір жылғы мерзімге дейін берілмеуі мүмкін, ал заңсыз түрде алынған тұрғын үй көмегі түріндегі сомалар ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда - сот тәртібімен қайтарылады. Келесі мерзімге арналған тұрғын үй көмегі заңсыз алынған тұрғын үй көмегі бюджетке қайтарылған соң тағайындалады.";

2 0 т а р м а қ т а :

"берілмеуі мүмкін" деген сөздер "берілмейді" деген сөзімен ауыстырылсын;

2 1 т а р м а қ т а :

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" сөздерінен кейін "алғаш рет өтініш берушілерге" деген сөздермен толықтырылсын;

2 8 т а р м а қ т а :

"берілмеуі мүмкін" деген сөздер "берілмейді" деген сөзімен ауыстырылсын".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Орал қалалық мәслихатының  
кезекті 30-шы сессиясының*

*төрайымы*

*В. П. Михно*

*хатшысы*

*Орал қалалық мәслихатының  
Ә. Қ. Истелюев*